

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«ТІРЕК МЕКТЕП – ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕР» МОДЕЛІН
ЕНГІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2025 жылғы 6 маусымдағы № 2 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды.

«Тірек мектеп – шағын жинақты мектептер» моделін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 320 б.

Әдістемелік ұсынымдама 2024 жылғы 3 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектенов төрағалық етуімен өткен Үкімет отырысының 2-ші «Ауыл мектептерін дамыту» мәселесін; 2024 жылғы 19-20 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т. Дүйсенованың Ақтөбе облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша хаттамасының «Білім саласындағы өзекті мәселелер мен «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндаманың жүзеге асырылуы туралы берілген тапсырмаларын және 2025 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің № 21 Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы бұйрығының 2-тәсілі «Ауыл мектебі – сапа алаңы» («Тірек мектебі – ШЖМ») республикалық жобасын масштабтау мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдама «Тірек мектеп – шағын жинақты мектептер» моделінің теориялық негіздері мен ерекшеліктері» және «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» жобасының нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар» тарауынан тұрады.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық, аудандық білім басқармаларының/бөлімдерінің әдіскерлеріне, ауыл мектептерінің басшылары мен педагогтеріне қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025

КІРІСПЕ

2024 жылғы 3 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектенов төрағалық етуімен өткен Үкімет отырысының 2-ші «Ауыл мектептерін дамыту» мәселесін жүзеге асыруда Оқу-ағарту министрлігі облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп ауыл мектептерін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері әзірленіп бекітілсін деп хаттамалық тапсырма берілді. Тапсырма уақытылы орындалып, 2025 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің № 21 Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы бұйрығы бекітілді.

Сондай-ақ, Облыстардың әкімдеріне берілген тапсырма негізінде шағын жинақты мектептердің әлеуетін арттыру жөніндегі өңірлік жол карталары әзірленіп, бекітілді. Аталған құжат негізінде 2025 жылдың соңына дейінгі мерзімде Ақтөбе облысының тәжірибесі бойынша кемінде 200 тірек мектепті қамтитын желіні құру жоспарланып отыр.

Сол секілді берілген хаттамалық тапсырма негізінде Ақтөбе облысының тәжірибесі негізінде шағын жинақты мектептердің әлеуетін арттыру бойынша жобаны масштабтау мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп 2025 жылғы 1 қыркүйекке қарай ауыл мектептерін жылдамдығы жоғары Интернетке қосуды аяқтау тапсырмасы да берілді.

2024 жылғы 19-20 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т. Дүйсенованың Ақтөбе облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша хаттамасының «Білім саласындағы өзекті мәселелер мен «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндаманың жүзеге асырылуы туралы хаттамалық тапсырмасы негізінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне Ақтөбе облысындағы жобаны іске асыру қорытындысы негізінде «Тірек мектеп» жобасының серіктестерімен бірлесіп жобаны республика көлемінде масштабталуын қарастыратын Жол картасын қабылдап, оның орындалуын қамтамасыз ету және «Тірек мектеп» жобасының тәжірибесін тарату мақсатында республика бойынша қатысушы мектептердің базасын анықтасын деген тапсырма берілді.

Хаттамалық тапсырмалар негізінде 2024-2025 оқу жылында Республика бойынша 203 тірек мектебі мен оған бекітілген 742 шағын жинақты мектептер өңірлер бөлінісінде анықталды.

Берілген «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» жобасының нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы бұйрығының 2-тәсілі «Ауыл мектебі – сапа алаңы» («Тірек мектебі – ШЖМ») республикалық жобасын масштабтауда 2024-2025 оқу жылында қашықтан оқытудың нәтижелері мен 2025-2026 оқу жылында Жобаны әрі қарай масштабтау іс-шаралар жоспары бойынша жазылған.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделінің мақсаты – ауылдық шағын жинақты мектептерді (бұдан әрі – ШЖМ) тірек мектептерге бекітіп, қашықтан оқытуды ұйымдастыруда білім алушылардың сапалы білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз ету, ШЖМ-дағы педагог кадр тапшылығын, біріктірілген сыныптарда оқыту мәселесін шешу және қала мектебі мен ауыл мектептері арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту

Міндеттері:

- 1) ШЖМ-ны жылдам интернетпен қамтамасыз ету;
- 2) ШЖМ-ның материалдық-техникалық базасын (бұдан әрі – МТБ) цифрлы оқу жабдықтармен, оқу материалдары және электронды білім беру ресурстарымен, білім беру процесін қашықтан оқыту форматында ұйымдастыруда сапалы цифрлы контентпен қамтамасыз ету;
- 3) ШЖМ педагогтерін цифрлы форматта сабақ өткізуге үйрету;
- 4) ШЖМ білім алушыларының білім сапасын арттыруда тірек мектептердің әлеуетін пайдалану;
- 5) қашықтан оқытуды ұйымдастыруда білім алушылардың білім бәсекесін қалыптастыру;
- 6) тірек және шағын жинақты мектеп басшыларына, облыстық білім басқармаларының мамандарына, әдіскерлері мен педагогтерге біліктілікті арттыру курстарға қатысуын қамтамасыз ету;
- 7) тірек мектептері шағын жинақты мектептерге сессиялық және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыруды іске асыру.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) ауылдық мектептер қашықтан оқыту форматында сапалы білім беру процесін ұйымдастыруда жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етіледі;
- 2) ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасы цифрлы жабдықтар, оқу материалдары және электронды білім беру ресурстарымен, онлайн білім беру платформалары арқылы оқытуға арналған сапалы цифрлы контентпен жаратандырылады;
- 3) ШЖМ педагогтері қашықтан оқыту форматында оқытылады;
- 4) ауылдық ШЖМ білім алушыларының білім сапасын арттыруда тірек мектептердің әлеуеті (оқу зертханалары мен шеберханалары) пайдаланылады;
- 5) қашықтан оқытуды ұйымдастыруда жасақталған сыныптар арқылы білім алушылар арасында білімдегі бәсеке артып, білім сапасы жақсарады;
- 6) Облыстық білім басқармаларының мамандары, әдіскерлер мен директорлар, тірек және шағын жинақты мектептердің 5-11-сыныптарында қашықтан оқыту («Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері) мен сессиялық және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыруда педагогтердің біліктіліктері артады.
- 7) тірек мектептері шағын жинақты мектептерге сессиялық және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыру іске асырылады.

1. «ТІРЕК МЕКТЕП – ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕР» МОДЕЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін іске асырудың басым бағыттары мен кезеңдері

«Тірек мектебі — шағын жинақты мектептер» моделінің басым бағыттары:

1) білім алушылар, педагогтер және ауыл мектептерінің әкімшілігіне қашықтан оқыту жүйесі қолжетімді болады. Педагогтер платформада өздігінен жұмыс жасауға, қашықтан сабақ өткізетін педагогпен бірге сабақ жоспарын құруға, қашықтан сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге икемделеді;

2) ауылдық ШЖМ педагогтеріне ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік қолдау көрсетіледі;

3) білім беру процесіне барлық қатысушылардың жеке тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады;

4) шағын жинақты мектеп жағдайында инклюзивті оқыту мен интеллектуалдық қабілеттер дамиды.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделі екі кезеңде жүзеге асырылады: ұйымдастырушылық және практикалық.

Бірінші кезеңде:

1) «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделіне қатысатын тірек және шағын жинақты мектептер анықталады;

2) сабақтарды қашықтан өткізетін педагогтер іріктеледі;

3) «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін қатысатын мектептердің директорлары мен педагогтері оқытылады;

4) бір тірек мектепке бекітілген шағын жинақты мектептер үшін қашықтан өткізілетін сабақтардың бірыңғай кестесі құрылады;

5) бір тірек мектепке бекітілген шағын жинақты мектептер үшін бірыңғай оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылады;

6) 5-11-сыныптарда «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері негізінде білім алушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу бойынша аналитикалық есеп әзірленеді;

7) «Тірек мектебінде» сессиялық және сессияаралық жұмыстарды жүргізу бойынша ұсынымдама жазылады.

Екінші кезеңде:

1) білім алушылардың үлгерім деңгейін анықтауда диагностикалық тестілеу жүргізіледі;

2) бекітілген кестеге сәйкес шағын жинақты мектептердің білім алушылары оқытылады;

3) аудандық білім бөлімдері мен білім басқармалары әдіскерлері қашықтан өткізілетін сабақтарға бақылау жүргізеді;

4) 5-11-сыныптарда «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына мониторинг жүргізіледі;

5) «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін іске асыру тиімділігіне мониторинг өткізіледі.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделінде білім беру процесін ұйымдастыру

Оқыту 4 модель бойынша ұйымдастырылады:

1-модель. Синхронды. Оқыту нақты (виртуалды) уақыт режимінде жүргізіледі;

2-модель. Асинхронды. Педагог пен білім алушы оқу кезеңінен тыс уақытта белгілі бір уақыт ішінде байланыста жұмыс жасайды;

3-модель. Гибридті. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар мен балаларға арналған ата-аналардың және (немесе) өзге де заңды өкілдердің көмегімен қашықтан және онлайн-оқытуды біріктіретін оқыту;

4-модель. Кеңес берушілік. Педагогтің қолдауымен білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту.

Цифрлы трансформация білім беру платформалары арқылы ұйымдастырылады.

Оқу процесін қашықтан оқыту форматында ұйымдастыруда өңірлердегі бекітілген кестеге сәйкес және қосымшада көрсетілген тізіммен жүзеге асырылады.

Қашықтан сабақ жүргізу педагог-кадр жетіспейтін, біріктірілген сыныптарда оқыту процесін ұйымдастыруда бастауыш білім беру деңгейінде таңдау бойынша ал негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде 5-11 сыныптарда негізгі пәндерді («Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі») оқытумен жүзеге асырылады.

Тірек және шағын жинақты мектептер арасындағы қашықтық 3 км.-дан – 60 км.-ға дейін, қажет болғанда, 100 км.-ға дейінгі қашықта рұқсат етіледі.

Қашықтан оқытуға жасақталған бір сыныптағы білім алушылар саны 15 білім алушыдан аспағаны дұрыс.

Қашықтан жасақталған сыныптарды ұйымдастыру кезінде 2-6 шағын жинақты мектептердің білім алушыларын бір қашықтан жасақталған сыныпқа біріктіру қарастырылады.

«Дарын», «Білім-Инновация» мектеп-лицейлерінде, республикалық мамандандырылған, жекеменшік мектептерде ШЖМ бойынша тәлімгерлік ұйымдастырылады.

Оқу процесі бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстар негізінде Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тірек мектептері арқылы шағын жинақты мектептерге қашықтан оқытуды ұйымдастыруда қойылған мақсаттарды іске асыруда «Тірек мектебінің – шағын жинақты мектептер» моделі шеңберінде бірыңғай оқу жоспары құрылады.

Қашықтан оқытуда сабақтар Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Күнгізбелік тақырыптық жоспарлар мен қысқа мерзімді жоспарларды қашықтан сабақ өткізетін педагог шағын жинақты мектептің педагогімен бірлесіп әзірлейді.

Қашықтан сабақ өткізетін педагог білім берудің мазмұнын, ал шағын жинақты мектеп педагогі оқу процесін ұйымдастыру, тапсырмаларды орындау, кері байланыс беру, жаңа материалды бекітуге, үй тапсырмаларын оқу платформасына жүктеуге жауапты.

Тірек мектепте қашықтан өткізілетін сабақтарды жүргізуге арнайы жабдықталған кабинет қарастырылады.

Қашықтан жүргізілетін сабақтардың жазбасы жазылып, мектеп бейнекітапханасында сақталады.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделінде қашықтан оқыту процесін ұйымдастыру тәртібі

«Тірек мектебі» арқылы шағын жинақты мектептерде пәндерді қашықтан оқытуда:

1) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;

2) қашықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылады.

Денсаулық мүмкіндіктерінің уақытша шектеулері бар және мектепке тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ білім алушыларға арналған оқу сабақтары оқытудың асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы және оқу материалдарын өздігінен игеру арқылы білім беру ұйымның шешімі бойынша ұйымдастырылады.

Оқыту нысандарына қарамастан қашықтан оқытуға жол берілетін пәндер және (немесе) модульдер бойынша тізбесін тірек мектебі дербес айқындайды және басшының бұйрығымен бекітіледі.

Білім беру бағдарламасын меңгеру процесінде білім алушының пәнді және (немесе) модульді сақтауын, оқу процесіне қатысу деңгейін, сабаққа қатысуын мониторингтеу оның цифрлық ізін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тірек мектептері арқылы қашықтан оқытуда шағын жинақты мектептерде кадр тапшылығы немесе басқа да жағдайлар туындағанда оқытудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан елу пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға ауыстыруға жол беріледі.

Қашықтан оқытуды қолданып пәндерді оқу кезінде цифрлы технологияларды қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, оқу сабақтары оқытудың синхронды форматы арқылы жүргізіледі.

Тірек мектептері арқылы шағын жинақты мектептерге қашықтан оқытуға толық ауысқанда білім алушылардың ақпараттық жүйесіне (білім беру порталына) және электрондық сабақ кестесіне, электрондық журналға, электрондық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Тірек мектебі консультациялық қолдау көрсетуді және білім беру бағдарламасын меңгеру процесінде білім алушының пәнді сақтауына, сабаққа қатысуына, материалдарды зерделеу барысына және тапсырмалардың уақтылы орындалуына қатаң мониторинг жүргізуді, оның цифрлық ізі арқылы бағалауға бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Тірек мектебі арқылы қашықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының түрлерінің еңбек сыйымдылығы сақталады.

Ауа райына қарай, шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында қашықтан оқытуға көшу кезінде қашықтан оқыту форматында жүзеге асырылуы мүмкін емес зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және басқа да сабақтар келесі оқу кезеңдеріне ауыстырылады.

Тірек мектебі арқылы білім беру саласындағы оқу бағдарламаларын қашықтан оқытуды қолданып оқытуды ұйымдастыру және оған рұқсат беру тәртібін аудандық білім беру бөлімі Облыстық білім басқармасымен келісе отырып дербес айқындайды.

Тірек мектебінен шағын жинақты мектептерге өткізілетін сабақтар мектепалды сыныптарда және мектептерде тікелей бейнетерминалмен, жеке компьютермен, планшетті дербес компьютермен және ноутбуктермен сабақтардың үздіксіз ұзақтығы оқу сағаты ішінде:

- 1) мектепалды, мектепке дейінгі топтарда (сыныптарда) және 1 сыныптарда – 15 минуттан аспайды;
- 2) 2-3 сыныптарда – 20 минуттан аспайды;
- 3) 4-5-сыныптарда – 25 минуттан аспайды;
- 4) 6-8 сыныптарда – 25 минуттан аспайды;
- 5) 9-11 (12) сыныптарда – 30 минуттан аспайды.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін ұйымдастыруда қашықтан оқыту процесін ұйымдастыру қағидалары

«Тірек мектептері» арқылы шағын жинақты мектептерге қашықтан оқытуда оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары (Үлгілік оқу бағдарламалары) оқытудың асинхронды және синхронды форматының арақатынасын көрсетеді. Бұл синхронды сабақтардың арақатынасы тірек

мектептерінің қолдануымен игеру көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде 20% - ын құрайды.

«Тірек мектептері» шағын жинақты мектеп білім алушыларына техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және дербес деректерді өңдеуге келісімді және онлайн-платформаның пайдаланушылық келісімінің шарттарын қабылдауды көздейтін білім алушымен және ата-анамен шарт жасасады және Облыстық білім басқармасының саясатына сәйкес ресімделеді.

Қашықтан оқытудың іске асырылуын Облыстық білім басқармасы білім беру порталы арқылы жүзеге асырылады, оған келесілер кіреді:

1) оқытуды басқару жүйесін, оның ішінде курс элементтерінің кіріктірілген құрылымын: оқыту нәтижелерін және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді тексеруге бағытталған бақылау тапсырмаларын, дәрістерді, практикалық, зертханалық тапсырмаларды, сабақты бағалау саясатын, аудио, бейне-контентті, электрондық құжаттарды, суреттерді, медиасервистерге гиперсілтемелерді, электрондық кітапхананы міндетті түрде көрсете отырып, сабақ жоспарларын; білім беру платформасы, білім беру процесіне қатысушылармен кері байланыс, топтық сабақтарды ұйымдастыру, педагог-білім алушының өзара іс-қимылына қолжетімді корпоративтік арналар, білім алушы – білім алушы, педагог – педагог, әкімшілік – білім алушы;

2) білім алушылар туралы деректерді басқару жүйесі: жеке есеп жазбасына қол жеткізу, білім алушылардың үлгерімін, оқу процесінің ашықтығын, қатысуын қамтитын оқу процесін басқару, қашықтан өткізілетін сабақтарға немесе бейнеконференцбайланыс жүйесіндегі сабаққа сілтемелері бар асинхрондық және/немесе синхрондық оқыту форматын ескере, оқу сабақтарының электрондық кестесі, оқу пәндеріне онлайн-тіркеу;

3) зерттеулерді басқару жүйесі: зерттеу жобаларының, жарияланымдардың, ғылыми әзірлемелердің, ғалымдардың базасы және зерттеу нәтижелері.

Облыстық білім басқармасы онлайн оқыту деректерін оқу-ағарту, білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне өзектілендірілген беруді қамтамасыз етеді.

Облыстық білім басқармасы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан серверлерде білім алушылардың персоналды деректерін орналастыруды қамтамасыз етеді, оларды отандық провайдерлер және/немесе IT – мамандары әкімшілендіреді, қызмет көрсетеді және қолдайды.

Облыстық білім басқармасы қамтамасыз етеді:

1) білім алушыларды тірек мектептердің ғылыми-зерттеу қызметіне және әлеуметтік-мәдени өміріне тартуды;

2) тоқсан басталғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын Облыстық білім басқармасы білім беру порталында және тірек мектебінің дайындық актісімен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес цифрлық контентті орналастыруды;

3) келесі талаптарға жауап беретін цифрлық контенттің сапасы: толықтығы, әртүрлілігі, педагогикалық дизайнның болуы, мультимедиа. Облыстық білім басқармасы қашықтан оқытуды ұйымдастыру, қашықтан сабақты әзірлеу, орналастыру және/немесе пайдалану жөніндегі бекітілген ішкі нормативтік құжатқа сәйкес әзірленеді немесе пайдаланылады;

4) Облыстық білім басқармасы ресми платформасында тірек мектебі арқылы шағын жинақты мектепке қашықтан оқытуды ұйымдастыруда өзара іс-қимылды жасайды.

Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімінің мониторингі білім алушылар контингенті, курстар, контент бірліктері, нақты курстарға не оның контентіне жүгіну статистикасы, платформаға кіру логтары, сабақтардағы белсенділік серпіні, бағаларды бөлу, қатысу статистикасы бойынша талдамалық есептерді қалыптастыру жолымен Облыстық білім басқармасы жүзеге асырылады.

Білім беру процесінің тиімділігін бақылау және талдау білім алушы мен педагогтердің цифрлық ізін бақылауды Облыстық білім басқармасы жүзеге асырылады.

Қашықтан оқыту кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, жазбаша жұмыстардың барлық түрлерін міндетті түрде тексеру жүзеге асырылады.

Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу нысанын тірек мектебі дербес айқындайды. Аралық және қорытынды аттестаттауды қашықтан нысанында өткізу кезінде онлайн прокторинг қолданылады.

Облыстық білім басқармасы білім алушылар арасында қашықтан оқытуға тартылған білім беру порталы, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер, цифрлық контент және педагогтер құрамы сапасының сәйкестігі тұрғысынан сауалнама және (немесе) сұраныстар жүргізеді.

Қашықтан оқудағы білім алушылар мен педагогтерге оқу жылы аяқталғанға дейін консультациялық сүйемелдеу үшін келесілерді қамтамасыз етеді:

1) өз функционалы шеңберінде қашықтан оқытуда қажетті құзыреттері бар әкімшілік-басқарушылық, педагогтік, оқу-ісінің меңгерушісі және қызмет көрсету персоналының болуы;

2) қолжетімді корпоративтік байланыс арналарының болуы;

3) тірек мектебінің, Облыстық білім басқармасының ресми сайтында жарияланған қашықтан оқытуды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық материалдармен;

4) тірек мектебі цифрлық ресурстарының, сондай-ақ оқыту процесінің презентациялармен білім алушылар үшін бейімдеу апталарын ұйымдастыру.

Тірек мектептері арқылы оқуда педагогтер мен білім алушыларды оқу басталғаннан бітіргенге дейін техникалық сүйемелдеуде келесілерді қамтамасыз етеді:

1) цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың, қашықтан оқытуға тартылған мобильді қосымшалардың қолжетімділігі және үздіксіз жұмыс істеуі;

2) бөлінген үй-жайы бар лицензиялық бағдарламалық қамтылымы бар қашықтан оқытатын сабақтардың, электрондық ресурстардың студиялық өндірісін қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешеннің жұмыс істеуі болып табылады;

3) қашықтан оқытуға тартылған цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың ақпараттық қауіпсіздігі.

Қашықтан оқуда педагогтер және білім алушыларды сабақ басталғаннан бастап оқуды бітіргенге дейін әдістемелік сүйемелдеу үшін қамтамасыз етеді:

1) заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану, оның ішінде аралас оқыту, микро және бейімделген оқыту, виртуалды/толықтырылған шынайылық, геймификация және т.б.

2) қашықтан оқытуды ұйымдастыруда әдістемелік материалдарды әзірлеу;

3) қашықтан оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды тірек мектебінің цифрлық платформаларында әзірлеу және орналастыру.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін іске асыру механизмі

Облыстық білім басқармасы «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін іске асыруды үйлестіруді жүзеге асырады. «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін іске асыруда жұмыс бағдарламасы мен жұмыс жоспары тірек және шағын жинақты мектептердің педагогикалық және қамқоршылық кеңестерінің бірлескен ортасында талқыланып, бекітіледі.

Аудандық білім бөлімдері осы бұйрық негізінде қашықтан оқытуды жүзеге асырады, қашықтан оқытатын педагогтер мен шағын жинақты мектеп педагогтерінің тізімін бекіту туралы бұйрық шығарады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы, «Талдау» Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы, жоғары оқу орындары, колледждер, облыстық әдістемелік кабинеттермен және (немесе) орталықтармен, облыстық біліктілікті арттыру орталықтарымен оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік процестерді ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара қарым-қатынас қарастырылады.

Білім басқармаларының әдіскерлері қашықтан оқытудың нормативтік-құқықтық және мазмұндық-қызметтік жағын үйлестіреді, оқу процесін ұйымдастыру және басқару мәселелері бойынша кеңес береді, қашықтан оқытуды ұйымдастыру мен өткізуде ауыл мектептерінің директорлары мен директорлардың орынбасарларына әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді.

Тірек және шағын жинақты мектептердің директоры заңнаманың орындалуын реттейді, оны қашықтан оқытудың сапасы, тиімділігі және өміршеңдігі тұрғысынан ілгерілетуге бастамашылық етеді, білім беру процесінің

барлық қатысушыларына қолайлы жағдайлар жасайды, белгіленген ресурстарды пайдаланудың стратегиялары мен басымдықтарын жоспарлайды.

Тірек мектебі директорларының орынбасарлары мектепте оқу қызметін: әдістемелік сүйемелдеу, тәрбие жұмысы, қосымша білім беру, білім беру платформасының мазмұнын уақытылы толықтыруға басшылық жасау, сабақтардың жалпы кестесін құру, ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Қашықтан оқытуды ұйымдастыратын тірек мектебі:

- 1) МТБ-мен жарақтандырылған;
- 2) педагог кадрлармен жасақталған;
- 3) қосымша білім беруге жағдай жасалған.

4) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 17 сәуірдегі №153/НҚ және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 85 «Орта білім беру ұйымдарында интернет желісіне және жергілікті желіге қолжеткізу жылдамдығына ұсынылатын ең төменгі талаптарды бекіту туралы» бірлескен бұйрығына сәйкес интернет жылдамдығының болуы.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін қаржыландыруда жергілікті атқарушы органдар тарапынан келесі шығындар қарастырылады:

- 1) ауылдық мектептерді жылдам интернетке қосу;
- 2) мектептердегі МТБ-ны заманауи цифрлы жабдықтармен нығайту;
- 3) мектеп әдіскерлерінің, директорлары мен педагогтерінің біліктілігін арттыру және курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 4) қашықтан сабақ өткізетін педагогтерге қосымша ақы төлеу;
- 5) біріктірілген сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделі шеңберінде педагогтердің жалақысын есептеу, тірек мектеп директорларына және педагогтерге еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Облыстық білім басқармаларының мамандары мен әдіскерлері «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін іске асыруды зерттеу мониторингін жүргізеді және НҚА-ға өзгерістер енгізу және масштабтау үшін ұсынымдар әзірлейді.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделі негізінде мектептер түрлі пәндік конкурстар, олимпиадалар, тренингтер, іскерлік және ұйымдастырушылық іскерлік ойындарын, білім алушыларға кеңестер өткізеді.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделінің тиімділігін бағалау

Тірек мектебі мен шағын жинақты мектептер әкімшілігі «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделінің қорытындысы бойынша бірлескен

талдамалық есеп құрастырады және білім алушылардың білім беру сапасының мониторингтік көрсеткіштерін, білім беру сапасының мониторингтік көрсеткіштерін, білім беру процесін жақсарту бойынша ұсынымдарды, педагогтерді әдістемелік қолдауды қоса бере отырып, аудандық білім бөлімдеріне жолданады.

Аудандық білім бөлімдері мен Облыстық білім басқармалары ұсынылған есептер негізінде білім алушылардың білім беру сапасының мониторингтік көрсеткіштерін және білім беру процесін жақсарту бойынша ұсынымдарды қоса бере отырып, аудан, облыс бойынша жиынтық есеп жасақтайды.

«Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделінің қорытындысы бойынша Облыстық білім басқармалары Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына жиынтық есептерін ұсынады.

Есепті қарау қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігі келесі оқу жылына арналған білім беру процесін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді, мектеп директорының бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру бағыттарын нақтылайды.

Аудандық бөлімдер, Облыстық білім басқармалары аудандық, облыстық тамыз педагогикалық конференцияларында «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделін іске асыруға ерекше үлес қосқан педагогтерді марапаттай отырып, облыстық деңгейдегі үздік мектептердің жұмыс тәжірибесімен бөліседі және оқу жылына ұсыныстар береді.

Халықаралық және отандық тәжірибе

1-кесте. Ресей мен Қазақстандағы тірек мектептері бойынша

№	Ресей	Қазақстан	ерекшелігі		Шешу жолдары
			+	-	+
	Базалық мектеп	Тірек мектебі			
1	Қазіргі заманғы телекоммуникациялық және компьютерлік жабдықтармен жарақтандырылған жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, жақын маңдағы елді мекендерден балаларды көлікпен жеткізуді жүзеге асыра алатын, осы елді мекендерде филиалдары болуы	53-10) тірек мектеп (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуға қолжетімділігі н қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қысқа мерзімді сессиялық	Тасымал	Заманауи компьютерлік білім беру	Цифрлық технологияларды тиімді пайдаланып, қашықтан сабақтарды ұйымдастыру

	мүмкін, ал олардағы білім алушылар базалық (тірек) мектепте қорытынды аттестаттаудан өтетін қашықтан оқыту орталығы	сабақтарын, аралық және қорытынды аттестатталуын өткізу үшін таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары оның базасында шоғырланатын орта білім беру ұйымы			
			қашықтан оқыту орталығы	білім беру ұйымы	Қашықтан білім беретін ұйым, комьюнити орталықтар ретінде жасақтау
2	Апробациядан өтті		Тірек мектептерде және ШЖМ-ларға сабақтар қашықтан жүргізілді	Тірек мектебіне бекітілген филиалдар	ШЖМ-ларды оңтайландырып, бөлімшелер ретінде қарастыру
	жеке бірліктер (мектеп филиалдар) құрылымдық бөлімшелер ретінде әрекет ететін бірыңғай білім беру мекемесі	Қашықтан оқытуды ұйымдастырудан 5 пәнді аптасына 1 реттен оқыту арқылы			
3	Педагогтер		Педагог кадрлардың біліктілігін қарастыру	Педагогтердің цифрлық құзыреттерін арттыру, қосымша қаржыны қарастыру	НҚА-ларға өзгерістер енгізу, қаржылай ынталандыруды қарастыру
	Филиалдарға қатысты базалық мектеп функционалды түрде ресурстық орталық ретінде әрекет етеді, өйткені ол оқу жабдықтарымен жақсы жабдықталған, күшті және білікті педагогикалық кадрларға ие	Тірек мектебі мен ШЖМ-лар өз ішінен цифрлық құзыреті жоғары, білікті педагогтерді таңдап, педкеңестің шешімімен қашықтан сабақ өткізетін педагог ретінде таңдап, бекітеді			
4.	Білім алушыларды тасымалдау		Білім алушылардың қауіпсіздігі	Мектеп автобустарын жаңарту,	Облыс әкімдерінің 2025-2026
	Білім алушылардың оңтайлы аумақтық	Сессиялық және			

	орналастыру және қауіпсіз, уақтылы жеткізу шарттары. Бірқатар аймақтарда, мысалы, «мектеп автобусы» губернаторлық бағдарламасы бар, жақын маңдағы шағын ауылдық мектептердің оқушылары қазіргі заманғы оқу құралдарын қолданып, оқу жоспарының кейбір пәндерін оқып үйрену, танымдық іс-шараларға қатысу үшін базалық мектептерге мектеп автобустарымен жеткізіледі	сессияаралық кезеңде тасымалданады		жөндеу мен сақтауына қаражат қарастыру	жылдары шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру бойынша жол картасына міндет ретінде қойылды
5	Мектептің орналасуы		Елді мекендердің қашықтығы н ескеру	ШЖМ-лардың тым шалғайда және шекара маңында орналасуы	Жол картасына қойылды, ЖАО өңірлер бойынша шешу жолдарын қарастырады
	Базалық мектеп шағын мектептердің балалары жинақы тұратын және оқитын ауданда орналасуы	Аудан орталығынан немесе шағын қалаларда болуы (3-60, 100 км.)			
6	Базалық мектептердің саны мен білім алушылардың саны аудандардың жергілікті жағдайларына сәйкес анықтау	1 тірек мектебіне – 1,2 немесе 5-6 ШЖМ-ны біріктіру (жергілікті жағдайға байланысты)	Негізгі мектепке салмақ түсірмеу	Тірек мектебі ретінде мектепті таңдау, жасақтау	ЖАО-лардың, «Қазақстан халқына» ҚҚ және т.б. Үкіметтік емес ұйымдардың қолдауы
7	Бейіндік оқыту мәселесін қарастыру				
	Базалық мектептер толық жиынтық жалпы білім беретін мектептер бола	Тірек мектебі – толық жинақты мектеп секілді ШЖМ да бола	Негізгі мектепті талапқа сай	Ауыл балаларына ауыл шаруашылығы	Қарастыру ұсынылады

	алады және білім беру мен балаларды тәрбиелеу мүддесінде муниципалитеттің барлық әлеуметтік-мәдени әлеуетінің мүмкіндіктерін, мектептің орналасқан жерінің әкімшілік-аумақтық тиесілігін (ауданын) пайдалана алады, сондай-ақ жалпы білім берудің үшінші сатысында бейіндік оқытуға көшуге байланысты міндеттерді шеше алады	алады, бейіндік оқыту мәселесі алдағы уақытта қарастырылады	таңдау мүмкіндігі	н дамытуға байланысты мәселелердің қарастырылмауы	
8	Мектептерді дамыту бағдарламасы				
	Базалық мектеп қызметін табысты дамытудың шарттарының бірі мұғалімдер, ата-аналар, білім алушылар ұжымында талқыланғаннан кейін мекеме Кеңесінде бекітілген мектепті дамытудың мақсатты бағдарламасының болуы міндетті	Тірек мектебін дамытудың мақсатты бағдарламасы н жасау ұсынылады			
9	Қызметтерді айқындау				
	Мекеменің Даму стратегиясы базалық ауыл мектебі директорының, оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының, мекеме ұжымы	Тірек мектебі директорының, оның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының, мекеме			

	педагогтарының инновациялық қызметімен айқындалау	ұжымы педагогтарын ың инновациялы қ қызметін айқындала мәселесін қарастыру ұсынылады			
10	Қамқоршылық кеңес мәселесін қарастыру				
	Білім беру мекемесінің инновациялық қызметін талдау, мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру және реттеу, оның оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігіне әсерін зерттеуді педагогикалық кеңес жүзеге асырады, ол Қамқоршылық кеңестің демеушілік мүмкіндіктерімен бірге өтіп жатқан Инновациялық процестерді бақылау және бағалау	Тірек мектебінде қарастыру ұсынылады			
11	Мектеп директорының стратегиялық, даму жоспарын әзірлеуі				
	Ауылдық базалық мектептің директоры негізгі стратегиялық желіні әзірлейді және оны дамыту үдерістерінің негізгі мақсаттарын 3-5 жылға перспективада айқындайды. Бұл ретте:	Тірек мектептердің директорлары на ұсынылады			

	- базалық ауыл мектебі мен оның филиалдары дамитын әлеуметтік-демографиялық және экономикалық жағдай; - оқу-материалдық базаны жетілдіру мүмкіндіктері мен перспективалары; - педагогтердің, әсіресе оқудың үшінші сатысында мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру; - ең негізгі мектеп пен филиалдардағы білім беру және басқару қызметіндегі инновациялық процестер; - үшінші сатыда оқытуды профильдеуді жүзеге асыру үшін жағдайларды таңдау және анықтау.				
12	Бейін алды даярлық пен бейіндік оқытуды жүзеге асыру				
	Базалық мектептің және оның филиалдарының әлеуметтік-білім беру қызметінің сабақтастығын сақтап, сондай-ақ жалпы білім берумен қатар бейін алдындағы даярлық	Ұсынылады			

	пен бейіндік оқытуды жүзеге асыра алуы				
13	Кадрлық құрамның біліктілігін арттыру				
	Базалық ауылдық мектептегі кадр саясатының мақсаты-білім беру сапасының салыстырмалы жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз етуде кадр құрамының мүмкіндіктерін тұрақты талдаумен және бағалаумен бірге педагогтар мен басшылардың оқуға біліктілік дайындығының жоғары параметрлеріне қол жеткізу	Ұсынылады			
	Мектептерді оңтайландыру				
	7-15 оқушысы бар шағын мектептердің бір бөлігі ауданның (округтің) ірі жалпы білім беру мекемелерінің филиалдары болып қайта құрылуы мүмкін. Бұл ауыл оқушыларының әлеуметтік байланыстарын едәуір кеңейтуге, олардың муниципалды округтердің мәдениет және спорт орталықтарына қол жеткізуін	Ұсынылды			Жол картасына қосылды, қарастырылу да

	қамтамасыз етуге мүмкіндік беру				
--	---------------------------------	--	--	--	--

Кестеден көріп отырғанымыздай, Ресеймен салыстырғанда еліміздегі тірек мектептерін қажетті деңгейге шығару үшін әлі де біраз жұмыстар жүргізуді қажет етеді және де тірек мектептерді жетілдіру жұмыстары жүзеге асырылады. Келесіде өңірлерде 2025-2026 жылдары шағын жинақты мектептердің әлеуетін арттыру бойынша атқарылатын іс-шаралары берілген.

2-кесте. Өңірлер бөлінісінде 2024-2026 жылдарында шағын жинақты мектептердің әлеуетін арттыру бойынша

№	өңір	барлық мектеп	ауыл мектептері	шағын жинақты мектептер	ТМ қызметіндегі ШЖМ	Бастауыш ШЖМ	Қаладағы ШЖМ	2024-2025 ож		2025-2026 ож 1-тоқсан		2025-2026 ж. 3-тоқсан	
								ТМ	бекітілген мектептер	ТМ	бекітілген мектептер	ТМ	бекітілген мектептер
1	Абай	303	230	165	0	15	1	2	10	15	50	24	89
2	Ақмола	530	436	342	0	43	0	2	6	28	106	56	187
3	Ақтөбе	403	280	202	1	18	1	24	105	0	0	12	78
4	Алматы	437	393	73	0	20	0	6	25	0	0	7	28
5	Атырау	207	129	29	0	10	0	3	9	3	10	0	0
6	БҚО	379	299	206	11	48	1	25	71	28	76	0	0
7	Жамбыл	450	341	141	2	34	2	3	10	14	95	0	0
8	Жетісу	315	256	136	0	12	1	9	27	2	7	20	90
9	Қарағанды	394	222	161	9	21	1	6	26	14	41	14	63
10	Қостанай	436	346	275	42	37	0	21	63	21	39	21	94
11	Қызылорда	297	231	12	0	0	0	3	12	0	0	0	0
12	Маңғыстау	152	100	10	0	1	0	3	9	1	1	0	0
13	Павлодар	354	269	212	8	15	1	9	34	34	154	0	0
14	СҚО	444	383	330	17	38	1	13	57	27	98	31	119
15	Түркістан	1040	802	147	0	16	0	7	23	28	108	0	0
16	Ұлытау	87	47	35	0	3	6	7	29	1	3	0	0
17	ШҚО	343	258	195	13	17	1	5	16	12	35	45	113
	Барлығы:	6571	5022	2671	103	348	16	148	532	228	823	230	861

Кестеден көріп отырғанымыздай, елімізде барлық мемлекеттік ұйымдар саны – 6571 болса, оның 5022-сі, яғни 76 %-ы ауыл мектептері. Ауыл мектептерінің 2671-і, яғни 52 %-ы шағын жинақты мектептер. 2024-2025 оқу жылында еліміз бойынша 148 тірек мектебі мен 532 шағын жинақты мектеп бекітіліп қашықтан сабақтар ұйымдастырылып өткізілді. 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанында 228 тірек мектеп пен оған 823 шағын жинақты мектеп бекітілсе, 3-тоқсанда 230 тірек мектепке 861 шағын жинақты мектеп бекітілді. Келесіде өңірлер бөлінісінде 2024-2026 жылдарында шағын жинақты мектептерді тірек мектептерге жасақталуы берілген.

3-кесте. Өңірлер бөлінісінде 2024-2026 жылдарында шағын жинақты мектептерді тірек мектептерге жасақталуы

№	өңір	2024-2025 ож		2025-2026 ож 1-тоқсан		2025-2026 ж. 3-тоқсан		Барлығы 2-тәсілмен	
		ТМ	бекітілген мектептер	ТМ	бекітілетін мектептер	ТМ	бекітілетін мектептер	ТМ	бекітілетін мектептер
1	Абай	2	10	15	50	24	89	41	149
2	Ақмола	2	6	28	106	56	187	86	299
3	Ақтөбе	24	105	0	0	12	78	36	183
4	Алматы	6	25	0	0	7	28	17	53
5	Атырау	3	9	3	10	0	0	6	19
6	БҚО	25	71	28	76	0	0	53	147
7	Жамбыл	3	10	14	95	0	0	0	105
8	Жетісу	9	27	2	7	20	90	31	124
9	Қарағанды	6	26	14	41	14	63	34	130
10	Қостанай	21	63	21	39	21	94	63	196
11	Қызылорда	3	12	0	0	0	0	3	12
12	Маңғыстау	3	9	1	1	0	0	3	10
13	Павлодар	9	34	34	154	0	0	43	188
14	СҚО	13	57	27	98	31	119	71	274
15	Түркістан	7	23	28	108	0	0	35	131
16	Ұлытау	7	29	1	3	0	0	7	32
17	ШҚО	5	16	12	35	45	113	62	164
	Барлығы:	148	532	228	823	230	861	591	2216

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2024-2026 оқу жылында республика бойынша барлығы 148 тірек мектебі мен оған 532 шағын жинақты мектеп бекітілді. Келесіде өңірлер бойынша шағын жинақты мектептердің жағдайына талдау жасау берілген.

4-кесте. Өңірлер бойынша шағын жинақты мектептердің жағдайына талдау

№	өңір	2024-2025 ож			2025-2026 ож				барлығы		
		ШЖМ	1-тәсіл	2-тәсіл	1-тәсіл	2-тәсіл	3-тәсіл	4-тәсіл	ШЖМ-ның динамикасы	1-тәсіл	2-тәсіл
1	Абай	10	0	10	15	139	10	0	165	15	149
2	Ақмола	6	0	6	43	293	2	0	342	43	299
3	Ақтөбе	105	0	105	18	78	6	3	202	18	183
4	Алматы	25	0	25	20	28	7	0	73	20	53
5	Атырау	9	0	9	10	10	0		29	10	19

6	БҚО	71	0	71	48	76	5	3	206	48	147
7	Жамбыл	10	0	10	32	95	15	1	141	32	105
8	Жетісу	27	0	27	12	97	2	0	136	12	124
9	Қарағанды	26	0	26	21	104	7	5	161	21	130
10	Қостанай	63	0	63	37	133	149	0	275	37	196
11	Қызылорда	12	0	12	0	0	1	1	12	0	12
12	Маңғыстау	9	0	9	1	1	0	0	10	1	10
13	Павлодар	34	0	34	15	154	0	0	212	15	188
14	СҚО	57	0	57	38	217	3	0	330	38	274
15	Түркістан	23	0	23	16	108	10		147	16	131
16	Ұлытау	29	0	29	3	3	5	0	35	3	32
17	ШҚО	16	0	16	17	148	1	0	195	17	164
	Барлығы:	532	0	532	346	1684	223	13	2671	346	2216

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2024-2025 оқу жылында барлығы 2671 шағын жинақты мектеп болды. Оның 2025 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Қазақстан Республикасында ауыл мектептерін дамытудың «Ауыл мектебі – сапа алаңы» тұжырымдамалық тәсілдері» № 21 бұйрығының «Ауылдық ШЖМ-ны дамытудың тәсілдерінің «1-тәсілі ШЖМ-ны оңтайландыру және тірек мектептерінің бөлімшелерін құру» бойынша бастауыш шағын жинақты мектеп тірек мектебіне оңтайландырылмады, шағын жинақты мектеп 2-тәсіл «Ауыл мектебі – сапа алаңы» («Тірек мектебі – ШЖМ») республикалық жобасын масштабтау» бойынша тірек мектептеріне бекітіліп отыр.

Келесіде 2024-2025 оқу жылында Республика бойынша «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделіне жасақталған тірек және шағын жинақты мектептер саны мен мәліметтері берілген.

2024-2025 оқу жылында Республика бойынша «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделіне жасақталған тірек және шағын жинақты мектептер

№	өңірлер	Тірек мектебі	Бекітілетін шағын жинақты мектептер
1	Абай облысы	2	10
2	Ақмола облысы	2	6
3	Ақтөбе облысы	24	105
4	Алматы облысы	6	25
5	Атырау облысы	3	9
6	БҚО	25	71
7	Жамбыл облысы	3	10
8	Жетісу облысы	9	27
9	Қарағанды облысы	6	26
10	Қостанай облысы	21	63
11	Қызылорда облысы	3	12
12	Маңғыстау облысы	3	9
13	Павлодар облысы	9	34
14	СҚО	13	57
15	Түркістан облысы	7	23

16	Ұлытау облысы	7	29
17	ШҚО	5	16
	Барлығы	148	532

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2024-2025 оқу жылында Республика бойынша «Тірек мектебі – шағын жинақты мектептер» моделіне еліміз бойынша 176 тірек мектебі мен оған 636 шағын жинақты мектеп бекітіліп жұмыстарын жасағаны анықталды.

Келесіде өңірлер бөлінісінде жасақталған «Тірек мектебі мен шағын жинақты мектептер» бойынша мәліметтер ұсынылады.

1. Абай облысы бойынша



Абай облысы бойынша барлығы 10 аудан бар. Оның 2-тәсілмен қамтылғаны 2 ауданнан 2 тірек және 10 шағын жинақты мектеп. Келесіде Абай облысындағы тірек мектептер мен шағын жинақты мектептер тізімі берілген.


Абай облысындағы тірек мектептер мен шағын жинақты мектептер тізімі

№	Тірек мектептердің атауы	Бекітілетін шағын жинақты мектептер
Аягөз ауданы		
1.	Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің «Қалалық көпбейінді қазақ мектеп – гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің «А.Көшкімбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің «Мыңбұлақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

		Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің «Ж Жабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
		Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің «Майлин жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
		Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің «Сергиополь жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бородулиха ауданы		
2.	Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
		Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Камышенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
		Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
		Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Краснопол орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
		Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Коростели орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
	Барлығы: 2 тірек мектебі	10 шағын жинақты мектеп

Кестеден көріп отырғанымыздай, Абай облысы бойынша 2024-2025 оқу жылында 2 тірек мектеп қарастырылған және оған 10 шағын жинақты мектеп бекітілген. Өңірде цифрлық технологияларды пайдаланып тірек мектептерден шағын жинақты мектептерге аптасын 1 реттен 5-11-сыныптарда «Математика», «Физика», «Биология», «Химия» және «Ағылшын тілі» пәндері қашықтан оқытылды. Келесіде Ақмола облысы бойынша мәліметтер берілген.

2. Ақмола облысы бойынша



Ақмола облысында 17 аудан және 3 қала бар. Аталған жобаға 17 ауданын тірек мектептері кіріп отыр. Келесіде 2025-2026 оқу жылында іске асырылатын Ақмола облысындағы тірек мектептері мен шағын жинақты мектептердің тізімі берілген.

Ақмола облысындағы тірек мектептер мен шағын жинақты мектептер тізімі

№	Тірек мектебі	Бекітілетін шағын жинақты мектептер
Ақкөл ауданы		
1	«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ақкөл қаласының Кеңес Одағының Батыры Петр Михайлович Исаков атындағы №1 Ақкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Талқара ауылының негізгі орта мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ақкөл лесхоз ауылының Мичурин атындағы негізгі орта мектебі» КММ
2	«Ақмол облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ақкөл қаласының Жайық Бектуров атындағы № 3 Ақкөл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Кеңес ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Амангелді ауылының негізгі орта мектебі» КММ

		«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Барап ауылының негізгі орта білім беретін мектебі» КММ
Аршалы ауданы		
3	«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Абай атындағы Бұлақсай ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Қойгелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ. «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Бабатай станциясының негізгі орта мектебі» КММ
4	«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Аршалы кентінің № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Ақбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Түрген ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Анар станциясының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Астрахан ауданы		
5	«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жалтыр ауылының № 3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Акимовка ауылының негізгі орта мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Ковыленка ауылының негізгі орта мектебі» КММ «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Новый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ. «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
6	«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан	«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

	ауылының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жарсуат ауылының негізгі орта мектебі» КММ
		«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ
		«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Бірлік ауылының негізгі орта мектебі» КММ
		«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.
Атбасар ауданы		
7	«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
		«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Сепе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
		«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Сергеевка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Біржан сал ауданы		
8	«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Шәрәпи Әлжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Сәуле ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
	«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Кеңашы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	
		«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Құдықағаш ауылының Рамазан Елебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
		«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Алға ауылының негізгі орта мектебі» КММ.
		«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Мамай ауылының негізгі орта мектебі» КММ
		«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Қызылұйым ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Бұланды ауданы		

9	«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Капитоновка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Новодонецк ауылының негізгі орта мектебі» КММ
